

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының жылдық есебі

Қазіргі әлемдік білім кеңістігінде халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін құзыреттіліктерді қалыптастыру үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болап саналатын жалпы білім беру орта мектептеріндегі әрбір пәнді оқытудың да басым бағыттарының бірі болып табылады.

Функционалды сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қалыптастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген білімәне негізделеді. Сондықтан, қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс-әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс- тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіліктері қалыптасуы тиіс.

«Мәдениет негізгі мектебі» КММ- сі ұжымының негізгі мақсаты: Сапалы білім беруде жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана отырып, оқушылардың ізденімпаздық, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ата-ана, мұғалім және оқушы арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыра отырып, білім сапасын арттыру.

Мектебімізде 2024-2025 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру кезінде ҚР«Білім туралы»заңы, ҚР«Педагог мәртебесі туралы»заңы, «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» заңдарын басшылыққа алынды және оқу-тәрбие үрдісі келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды:

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министр. 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы), (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығы, 2022 ж. 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістер қолданысқа алынды).

«Мәдениет негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқу үрдісі 2024-2025 оқу жылына арналған оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

Мектепте: 1-4 сыныптар арасында 9 оқушы, 5-9 сыныптарда 27 оқушы, барлығы 36 оқушы.

Бастауыш сыныптарда:

Мектеп бойынша бастауыш сатыда 2 сынып –жиынтық оқытылды:

1-3сыныптар, 2-4-сыныптар.

Оқу жоспары 2 бөлімнен тұрады: инвариантты және вариативті.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі ерекшеліктердің бірі – I жартыжылдықта 1-сыныпта «Әліппе», II жартыжылдық «Ана тілі» жаңа пәндерінің енгізілуі.

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта 2024-2024 оқу жылының II жартыжылдығынан бастап енгізіледі.

Вариативтік компонент бойынша: Мектептің даму бағдарламасын іске асыру жоспарын орындау мақсатында вариативті компонент бойынша «Балалар және театр» және «Көңілді мәре» курстары таңдап алынды.

Танымдық сипаттағы жеке және топтық сабақтар есебінен таңдау бойынша 1,3- сыныптарда 1 сағат «Шебер қолдар», 2- 4-сыныптарда 1 сағат «Балалар және театр» және 2 – сыныпта 1 сағат «Көңілді мәре» оқытылуына берілді.

Негізгі сатыда білім беруге арналған оқу жоспарының инвариантты компоненті:

Мектеп бойынша негізгі сатыда 4 сынып – жиынтық оқытылады:

5-сынып, 6-сынып, 7-8-сыныптар, 9-сынып.

6 білім салаларынан тұрады: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру», әрбір білім саласы бірнеше пәнді қамтиды.

Вариативтік компонент бойынша:

Жаһандық құзыреттілік - 5, 6, 7-8 сыныптарда аптасына 0,5 сағаттан / жылына – 18 сағат / 9-сыныпта- аптасына 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» оқытылуына берілді.

2024-2025оқу жылында «Мәдениет негізгі мектебі» КММ-де 6 сынып- жиынтық бойынша жұмыс жасайды.

Мектептің түйінді мәселесі:

Жаңартылған білім беру аясында мұғалім құзыреттілігін арттыра отырып, оқу- тәрбие үрдісінде жаңаша оқыту технологияларын қолдану арқылы білім сапасын көтеру.

Міндеттері:

- жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, ұжым мүшелерінің біліктілігін, шығармашылығын дамыту;
- Оқушыларға жүйелі білім бере отырып, білім сапасын көтеру;
- сабақтың барлық түрлерінің жоғары әдістемелік деңгейде өтуін қамтасыз ету;
- Жас мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін көтеру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаздардың тәжірибесін жинақтау және тарату;
- Оқушыларды тәрбиелеудің, олардың бойында жоғарғы көп-мәдениеттілік қасиеттерді қалыптастырудың кешенді бағдарламасын жүзеге асыру.

2024-2025 оқу жылында мектеп оқушылары әртүрлі сайыстар мен байқауларға, олимпиадалар мен жарыстарға қатысты. 4-сынып оқушылары жылдық жоспарға сәйкес республикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысты /жаратылыстану- математика бағыты бойынша/. "Iqanat" 8-сыныптар арасында, жасөспірімдер олимпиадасы 7-8 сыныптар арасында, "Мың бала" республикалық олимпиадасына 6 сыныптар арасында өткізілетін олимпиадаларға оқушылар қатысты.

Аудандық семинарларға пән мұғалімдері үнемі қатысып отырады.

Оқушыларымыз аудандық Кәкімбек, Ғабит Мүсірепов оқуларына қатысып жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ, Ғ.Мүсірепов «Сөз зергері» номинациясы бойынша монолог оқудан Қоянбек Райян 1 орынға ие болды. Ауыл мектептері оқушылары арасындағы пәндер олимпиадасына 9 сыныптың 5 оқушысы да іріктеу кезеңінен өтіп аудандық кезеңге қатысып облыстың кезеңге жолдама алды.

Оқушыларды салауатты өмір салтына насихаттау мақсатында және бос уақыттарын тиімді пайданану үшін мектепте «Воллейбол», «Шахмат», «Тоғызқұмалақ» үйірмелері ұйымдастырылған. Ұл балалар арналған «Еркін күрес» үйірмесі де жұмыс жасады.

2024-2025 оқу жылында тілдер мерекесіне орай «**Мәңгілік ел- мәртебелі тіл**» тақырыбында 9 қыркүйек пен 16 қыркүйек аралығында апталық іс-шара өтті. Жоспар бойынша тіл мамандары, сынып жетекшілер әртүрлі іс-шара, тәрбие сағаттарын, интеллектуалды сайыстарды өткізіп, апталықтың қорытындысын жасады.

«Бастау» республикалық математикалық олимпиадасының аудандық кезеңінің жүлдегері 4- сынып оқушысы Токжігіт Кәусәр /Мажимова Г.Ә./

«Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегері:

4- сынып оқушылары Токжігіт Кәусәр - 3- орын , Токжігіт Аягөз- 3 орын.

6- сынып оқушысы- Абу Айзада 1 орын

«Ақберен» республикалық танымдық- шығармашылық орталықтың 6-сынып оқушылары арасындағы математика пәнінен олимпиадасыда 6- сынып оқушысы Дәулетбек Ернар 1- орын иеленді. /Батаева Г.Б./

«EL UMITI» республикалық интеллектуалды олимпиадасына 7- сынып оқушылар қатысты.

Оқушылардың оқу сауаттылықтарын арттыру мақсатында кітапханашы Ақаева А.Л.Х. Үнемі әртүрлі қызықты іс шаралар ұйымдастырады: тақырыптық ақпараттық сағаттар, жана кітаптармен таныстыру, атаулы даталарға кітаптар көрмесін, «Менің оқыған қызықты кітабым» атты кездесулер және т.б.

Республикалық білім беру парадигмасын дамыту және біліктілікті арттыру орталығы «Каникулда кітап оқимыз» атты Республикалық марафон- байқауына мектеп бойынша 10 оқушы қатысты. Барлық қатысқан оқушылар жүлделі орындар алды. Мақтау қағаздары мен Дипломдармен марапатталды. Атсалысқан жетекші мұғалімдеріне Алғыс хаттар табысталды.

«Менің өмірімді өзгерткен кітап» атты аудандық TEDxBOOKTalk форматта өткен онлайн конференцияға 9- сынып оқушысы Дәулетбек Айтуар мен кітапханашы Ақаева А.Л.Х. қатысып аудандық білім бөлімінің арнайы Алғыс хаттарымен марапатталды.

2024-2025 оқу жылында біліктілік арттыру курстарынан жоспар бойынша барлық ұстаздар өтті.

Педагогтердың біліктілікті арттыру курстары туралы мәлімет

№	Тегі, аты - жөні	Лауазымы	Курс тақырыбы, сағат, сертификат №	Оқу орыны, өту жылы	
1	Батаева Г.Б.	Информатика мұғалімі	«Python бағдарламалау тілім оқытудың әдістемесі мен тәжірибесі» 80 сағат № 0834000	«Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»	10.06-21.06.2024ж.
		Математика мұғалімі	Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: математиканы оқытудың тиімді тәжірибесі» 80 сағат №112196	«Назарбаев зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы	13.01-24.01.2025

		Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі	«Мектептегі орыс тілі мен әдебиеті сабағы: басымдықтар мен жетілдіру стратегиялары» 80 сағат №070785	«Назарбаев зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы	29.07-09.08.2024
		Оқу ісі орынбасары	«Білім берудегі менеджмент» білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру» 80 сағат № 117890	«Назарбаев зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы	14.10-24.10.2024
2	Батаев У.К.	Информатика	Информатика пәнін оқытудағы педагогикалық инновациялар: педагогтердің кәсіби өсуіне арналған трендтер мен практикалық стратегиялар, 80 сағат № 070	«USTAZ» педагогтерді үздіксіз кәсіби дамыту орталығы» ЖШС	01.07-13.07.2024
3	Мажимов Б.З.	Тарих пен құқық негіздері	Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: тарих және құқық негіздерін оқытудың тиімді тәжірибесі» 80 сағат №109514	«Назарбаев зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы	27.01-07.02.2025
4	Кульжанов С.Д.	География және жаратылыстану	Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: география және жаратылыстануды оқытудың тиімді тәжірибесі» 80 сағат №140660	«Назарбаев зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы	07.04-18.04.2025
5	Кульжанова А.М.	Тәрбие ісі орынбасары	«Білім берудегі менеджмент» білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру» 80 сағат № 086660	«Назарбаев зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы	12.08-23.08.2024
6	Аузарова Улболсын Иржановна	Шет тілі мұғалімі	«Мектеп командасының кәсіби құндылығын арттырудағы икемді дағдылар», 80 сағат, №145641	«Назарбаев зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.	12.05-23.05.2025ж
7	Шетенова Нургуль Серикбаевна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Педагогтардың пәндік құзыреттілігін дамыту: бастауыш мектепте оқытудың тиімді тәжірибесі», 80 сағат, № 109485	«Назарбаев зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы	13.01-24.01.2025ж.
		Бастауыш сынып мұғалімі	«Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту(оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда)» тақырыбы	«Назарбаев зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік	07.04-18.04.2025ж.

			бойынша 80 сағат, №140653	орталығы	
8	Мажимова Г.А.	Бастауыш сынып мұғалімі	«Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру» 80 сағат №0862483	«Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»	20.05- 31.05.2024ж.
		Бастауыш сынып мұғалімі	«Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту; орыс тілі менәдебиетін оқытудың тиімді тәжірибесі» 80 сағат №140651	«Назарбаев зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы	07.04- 18.04.2025ж.

Жазғы айларда тағы 3 мұғалім біліктілік курстан өту жоспарда.

Ұстаздардың біліктілік санаттары туралы мәлімет:

2024-2025 оқу жылында мектептің педагогикалық ұжымында 12 педагог қызмет етеді. Оның ішінде «педагог- зерттеуші» 1 мұғалім (8,3%), «педагог-сарапшы»- 4 мұғалім (33,3%), «педагог – модератор» –7 мұғалім(58,3%), педагог -0(0 %) мұғалім.

Сапалық құрам – 41,6 % құрап отыр.

Еңбек өтілі бойынша:

4 мұғалім еңбек өтілі 25 жыл және одан жоғары 33,3%;

1 мұғалім 20 жылдан 25 жылға дейін 8,3 %;

3 мұғалім 10 жылдан 20 жылға дейін 25%;

4 мұғалім 5 жылдан 10 жылға дейін 33,3%.

білім деңгейі бойынша:

Жоғары білімді - 10 мұғалім

Арнайы орта білімді - 2 мұғалім

2024- 2025 оқу жылында 3 мұғалім педагог сарапшы, 4 мұғалім педагог - модератор біліктілік санаттарына өтініш берді. 2025 жылдың қаңтар айынан бастап мұғалімдердің аттестациядан өту формасы өзгерді. USTAZ электронды портал арқылы ұстаздардың талапқа сай құжаттары жүктеледі. Мектеп бойынша аттестаттау комиссия мүшелері жүйеге жүктелген құжаттарды қарап, шешім шығарады.

2024- 2025 оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы:

Сыныптар	Оқушы саны	I жартыжылдық		Білім сапасы	Оқушы саны	II жартыжылдық		Білім сапасы
		үздіктер	екпінділер			үздіктер	екпінділер	
1-сынып	1	-	-	-	1	-	-	
2-сынып	1	0	0	0	1	0	0	0
3-сынып	5	2	1	60	5	2	1	60
4-сынып	2	0	1	50	2	0	2	100
5-сынып	7	2	4	86	7	2	4	86
6-сынып	6	3	2	83	6	3	2	83
7-сынып	7	4	2	86	7	4	2	86
8-сынып	2	0	1	50	2	0	1	50
9- сынып	5	1	3	80	5	1	3	80
Барлығы	36	12	14	74%	36	12	15	77%

Оқу ісі орынбасары  Батаева Г.Б.